

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Оқу ордамызда дәстүрлі факультетаралық Студенттер лигасы басталды. Бұл шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар, жарыс нәтижесінде университет құрамасы жасақталады.

Студенттер лигасы аясында қатысушылар кіші футбол (футзал), волейбол, шахмат, тоғызқұмалақ, жүгіру және эстафета сынды спорт түрлерінен сынға түседі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Салауатты сана» жобасы аясында студент жастармен кездесу өтті.

Салауатты сана – ҚР Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясы XXXIII сессиясында сөйлеген сөзі негізіндегі қауіпсіз өмір сүру үшін арылу керек әлеуметтік кеселдермен күресу туралы берген тапсырмасы негізіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі мен ҚХА Хатшылығы жасақтаған жобасы. Яғни, нашақорлық, ойынқұмарлық (лудомания), тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылдық сияқты әлеуметтік кеселдермен күресуге бағытталған жоба. Айтулы жиында Түркістан облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Гүлсара Тоққұлова модератор болды.

Түркі халықтарының мәдени мұрасын тоғыстырған қасиетті Түркістанға, оның ішінде халықаралық оқу орнымызға Түркияның Трабзон университетінің докторы, доцент Ахмет Түре арнайы келіп, студенттерге су бетінде бейнелеу техникасын үйретіп жүр.

Эбру – судағы өрнек, қайталанбас туынды. Бұл өнердің ерекшелігі – су бетіне бір рет салынған суретті дәл сондай етіп қайталау өсте мүмкін емес. Эбру өнері ғасырлар бойы түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі болып, кітап безендіруден бастап, шығармашылықтың шыңына дейін жеткен.

Жастардың конституциялық құқық саласындағы құзыреттерін арттыру заң мен тәртіпті нығайтуда шешуші рөл атқарады. Осы орайда, университетіміздің Өкілетті Кеңес Төрағасы Мұхиттин Шимшек пен ректор Жанар Темірбекова Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимовамен кездесті.

«Ясауи-ақпарат»

ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСТІҢ 78-МӘЖІЛІСІ: ҚОС БІРДЕҮ ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛАДЫ

Астана қаласында Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңесінің 78-мәжілісі өтіп, өзекті мәселелер қаралып, маңызды шешімдер қабылданды.



Жиынға Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мұхиттин Шимшек, Қазақстанның Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенкулов, Түркия тарапынан Өкілетті Кеңес мүшесі Ибрахим Калын, Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты, танымал ғалым және қоғам қайраткері Дархан Қыдырәлі, Түркия тарапынан Мәдениет және туризм вице-министрі Сердар Чам, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев, Қазақстанның Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры Жанар Алдасүгірова және университет ректоры Жанар Темірбекова қатысты. Мәжіліс барысында Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мұхиттин Шимшек алғы сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Бұдан әрі күн тәртібінде университеттің дамуы мен стратегиялық бағыттарына қатысты маңызды мәселелер қарастырылды. Атап айтар болсақ:

- Ректорат тарапынан атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалды
- 2023 жылғы қаржылық есеп ұсынылып, 2025 қаржы жылының бюджеті талқыланды;
- 2023 жылғы әкімшілік-шаруашылық және қаржы тексеру есебі, сондай-ақ 2022-2023 оқу жылына арналған академиялық тексеру нәтижелері қаралды;
- 2025-2026 оқу жылы Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және басқа мемлекеттерден қабылданатын студенттер контингентін, ТүрТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингентін белгілеу туралы ұсыныстар талқыланды;



- 2025-2026 оқу жылына шәкіртақы негізінде магистратура, докторантура және кәсіби біліктілікті арттыру мен тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің санын және Ясауи атындағы докторантура бағдарламасының шәкіртақы контингенті мен мамандықтарын анықтау мәселесін қарастырды.
- Университет құрамында «Заң» факультеті мен «Өнер, медиа және дизайн» факультетін ашу туралы шешім қабылданды;
- Күн тәртібінде, сондай-ақ, университеттің стратегиялық бағыттарын қамтитын басқа мәселелер де қарастырылды. Атап айтар болсақ, биылғы жұмысшы мамандықтар жылына орай Түркістан облысына келетін

шетелдік және отандық инвесторлармен бірге конференция өткізу ұсынылды. Жиында университет тарапынан алдағы уақытта оқу ордамыздың «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі» заңының аясында археологиялық резервация құру және мәдени құндылықтарды дамытуда ғылыми ресурсын да бағыттауға ниетті екендігі сөз болды.

Өкілетті Кеңес мәжілісіне қатысушылар отырыс қорытындысында жиынның нәтижелі өткенін айта келіп, қабылданған шешімдердің жемісті болатынына сенім білдірді.

«Ясауи-ақпарат»

ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ

• Ғылым көкжиегі

ҒЫЛЫМҒА СЕРПІН БЕРГЕН ҒЗУ

Ахмет Ясауи университеті құрамында бүгінде 9 ҒЗИ бар. Солардың арасында құрылғанына көп бола қоймаса да ғылымда жаңашылдығымен танылып, тың басталармен жұртшылықтың назарына іліге бастаған құрылым – «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институты. 2024 жылы тамыз айындағы Өкілетті Кеңестің шешімімен институт қайта құрылып, қызметкерлерінің штаты бекітіліп лабораториялары жабдықталып жаңа оқу жылынан бастап жүйелі жұмыс істеуде.

Институт энергетика, өнеркәсіп, медицина және ақпараттық технологиялар сияқты негізгі салаларда қолданылатын инновациялық технологиялар мен материалдарды жасауға баса назар аударады. Институттың зерттеулері экологиялық тұрақтылық, ресурстарды үнемдеу және төмен көміртекті экономикаға көшу сияқты жаһандық сын-қатерлерді шешуге бағытталған. Яғни, жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және баламалы энергетикаға арналған жаңа материалдарды әзірлеуге және зерттеуге бағытталған жетекші ғылыми институт.

Институттың стратегиялық мақсаты – математика, физика, химия, биология ғылымдары, жаңартылатын энергия көздері, энергия үнемдеу және баламалы энергия көздері саласындағы өзекті және қолданбалы мәселелерді шешу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру, сондай-ақ нанотехнология саласында оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.

Ғылыми ұжым отандық және тұркиялық институттары мен халықаралық ұйымдар арасында байланыстар орнату, ғылыми ынтымақтастықты дамыту және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасауды жолға қойып келеді. Өзара ғылыми байланыс және кәсіби қолдауды кеңейту мақсатында ғылыми-зерттеу қызметтерін, сараптама мен ғылыми консультацияларды ұйымдастыруды өз міндетінің бірі есебінде қарайды. Сонымен қатар, институтқа қосымша ресурстарды тарту мақсатында мемлекеттік және халықаралық ұйымдар жариялаған ғылыми гранттар конкурстарына қатысып, жобаларды ұтып жүзеге асыруда. Университеттің докторанттары мен магистранттарын осы жобаларға қатысуға ынталандыру, олардың диссертация тақырыптарын институттың ғылыми-зерттеу бағыттарына бағыттау және де осылайша білікті кадрларды даярлауға үлес қосуды ұжым маңызды міндеттердің біріне санайды. Бүгінде институт жүргізіп отырған ғылыми бағыттарға тоқталар болсақ:

- Жоғары беріктігі бар, коррозияға мен тозуға төзімді жабындар әзірлеу
- Балама және сутегі энергетикасында қолдану үшін жоғары сіңіру қасиетіне ие жаңа материалдарды әзірлеу;
- Энергетика және электроникаға арналған наноқұрылымды және функционалдық жұқа жабындарды әзірлеу;
- Жартылай өткізгіш материалдардың функционалдық және өнімділік сипаттамаларын жақсарту үшін жабындарды әзірлеу болмақ.

Институттың материалдық-техникалық базасы 6 зертхана бар. Олар: Эксперименттік жұмыстар зертханасы, үлгіні дайындау зертханасы, физика-механикалық және

коррозиялық сынау зертханасы, Металлографиялық рентгендік талдау зертханасы, нанотехнологиялар және баламалы энергия үшін жаңа материалдар зертханасы, STEM білімі және физикалық эксперименттер зертханасымен жабдықталған. Институттың жүргізген зерттеу нәтижелерін Thomson Reuters, Web of Science, Scopus және басқа да деректер қорларына енгізілген ғылыми басылымдарда ғылыми мақалалар жариялау және жаңа материалдар мен технологияларға қатысты ғылыми жобаларға қатысу жоспарланған.

– Институт бүгінде 3 ғылыми жобаны жүзеге асыруда. Біріншісі: Мақта тазалау машиналарының ара дискілері үшін наноқұрылымдық қорғаныш жабынды алудың тиімді технологияларын әзірлеу тақырыбындағы жоба. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған №AP22787358 гранты. 2024-2026 жылдарға қаржыландыру көлемі – 86 661 076 т. Жоба мақта тазалау машиналарының ара дискілерінің тозуына қарсы ZrCN жабынын қолдану өндірістің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз етеді және жөндеу шығындарын азайтады. Жаңа жабындар өндірістік шығындарды төмендетіп, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған шығындарды қысқартады. Жоба нәтижесі материалтану ғылымында жаңа жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жоба халықаралық нарықтағы трендтермен үйлесімді, жоғары сапалы өнімдер ұсынуға көмектеседі. Жаңа жабындардың экологиялық тиімділігі өндірістік қалдықтарды азайтып, ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етеді. Жобамыз сәтті жүзеге асып, зерттеу деңгейлері нәтижелерін өңірде мақта талшықтарын өңдеумен айналысатын өндіріс орындарына ұсынуға болады. Мақта талшықтарын өңдеу барысында дискілерге тастар т.б. қатты заттарға тиіп тез сынып қалып жатады. Бізге өндіріс орындарының қолданыстағы ара дискілерін алып келсе, біз оларды жаңа жабындылармен жабдықтап өндеп береміз. Нәтижеде біздің өндіріс орындарындағы мақта тазалау машиналарының ара дискілерінің дені бір реттік, бір маусымдық болып келсе, біздің жаңа жабындармен жасалған дискілер бірнеше маусымдық болады. Яғни олардың беріктігі мен қолдану мерзімін ұзарта аламыз. Біз бұл процесті зертханада эксперимент жасап сынақтан өткіздік. Жобаның жетекшісі: Н.Шектибаев, жауапты орындаушы: Ш.Курбанбеков. Екінші жобамыз: «Ядролық өнеркәсіпте қолданылатын цирконий қорытпасын гидрленуден және жоғары температурадан қорғауға арналған композициялық металл-керамикалық жабын жасау» деген тақырыптағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған №AP19579179



гранты. 2023-2025 жылдарға арналған. Қаржы көлемі – 74 128 392 теңге. Жоба ядролық өнеркәсіпте қолданылатын жоғары температуралы тотығудан және цирконий қорытпасын сутектендіруден қорғау үшін кеуектілігі төмен және жоғары адгезиялық беріктігі мен коррозияға төзімділігі жоғары Cr3C2 -NiCr композициялық металл керамикалық жабындысын алу мақсатында жоғары жылдамдықты оттегі-отын бұрқу (HVOF) технологиясын жетілдіруге бағытталған. Э110 цирконий қорытпасының жоғары температуралы тотығуынан және су тасқынынан қорғау үшін төмен кеуектілігі және жоғары адгезиялық беріктігі бар Cr3C2 -NiCr композициялық металл керамикалық жабынының жоғары жылдамдықты оттегі-отын әдісін әзірлеу. Мұны қарапайым түсіндірсек: мысалы қара темірдің нарықтағы бағасы арзан, ал түсті металл қымбат. Өйткені түсті металдардың көптеген қасиеттері болады, сондықтан да бағалы. Біз зерттеуімізде қарапайым қара металды алып, асты-үстіне(тысқы қабаттарына) жабын қойып әзірлесек ол дүние төзімді, беріктігі мықты болады. Ал, тұтас түсті металдан жасалса ол кезде шығыны көп болады да қымбатқа түседі. Біздің жабындарымыз өндіріске, металл өндірісінде, өндірістегі құрал-жабдықтардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Біз жобаларымызды аяқтағанда министрлікке есеп береміз, нәтижелер бойынша ғылыми басылымдарға мақала әзірлеп ұсынамыз. Жоба нәтижесін министрлік те танытып, ұсынуы мүмкін. Біздің осы нәтижелерімізге кәсіпкерлер, өндіріс жетекшілері қызығушылық танытып жатса, әрине бұларды өндіріске өндіруге (серіктестер табылып жатса) дайынбыз.

Үшінші жобамыз, бұл бірнеше ЖОО-ы біріккен ауқымды, ірі жоба. Шығыс Қазақстан облысының тау-кен металлургия саласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті ғылыми-негізделген технологияларды енгізу және әзірлеу.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған №BR24992925 гранты, консорциум негізінде 2024-2026 жылдарға арналған, қаржы көлемі 75 000 000 теңге. Бұл ғылыми жоба Жоғары энтропиялық

қорытпалар сутегі энергиясымен байланысты көптеген мәселелерді шеше алатын бірегей қасиеттерге ие сутегі сақтау саласындағы революциялық қадам болуымен ерекшеленеді. Бұл материалдар сутегі энергиясының болашағында шешуші рөл атқара алады, таза энергия көздеріне көшуді қамтамасыз етеді және адамзаттың көміртегі зиянды іздерін азайтады. Сондай-ақ көп компонентті қорытпалар жоғары қаттылық, тозуға төзімділік, жоғары температураға төзімділік, коррозияға төзімділік, төмен температурада жақсы икемділік сияқты тартымды қасиеттерге ие. Жобаның мақсаты – жаңа материал алу. Біздің зерттеулеріміз қолданбалы физика саласында, металтану саласында өзектілігімен ерекшеленді. Жалпы бұл мега жобаға 5 университет, 2 ЖШС қатысады. Олардың арасында Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеттері секілді жетекші ұйымдар бар, сол жобаның белгілі бір бөлігін біздің институт директоры, PhD., доцент Шерзод Құрбанбеков.

Елімізде отандық ғалымдар қоршаған ортаға зиян келтірмей, энергия өндірудің баламалы жолдарын ойлап табуға барынша үлес қосуда. Ал, алдымызда жасыл энергетиканың үлесін 2025 жылы – 6 пайызға, 2030 жылы – 15 пайызға, 2050 жылы – 50 пайызға, ал, 2060 жылы 80 пайызға көтеру міндеті тұр. Бұл межеге жетуіміз үшін мемлекет тарапынан нақты қадамдар жасалып та жатыр. Аталған институт бұл бағытта да өзінің нәтижелі жұмыстарын жүзеге асырып, кампустағы бір екі ғимарат күн көзінен алынатын электр энергиясы арқылы жарықтандырылуда.

«Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми зерттеу институты өзінің болашақтағы бағытын – технологиялық инновациялар негізінде жаһандық проблемаларды шешетін, ғылыми жетістіктерді өндірісте кеңінен қолданатын және әлемдік ғылыми қауымдастықта көшбасшылық орын ғылыми орта ретінде қалыптасуымен айқындайды.

Әтіргүл Тәшім.

• Біздің сұхбат

Университетіміздің Археология ғылыми зерттеу институты іргесі 1996 жылдан қаланған – еліміздің тарих, археология ғылымы саласындағы маңызды ғылыми орталықтардың бірі. Институт Түркістан өңіріндегі археологиялық зерттеулерді жүргізіп, бай тарихымызды қалпына келтіру мен танытуда, ұрпақтарға жеткізу жолында ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі және қазба барысында ашылған тарихи нысандар мәдени мұраларды сақтаудағы маңызды жұмыстар өте өзекті. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер және де алдағы жоспарлар жөнінде Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры Жетібаев Көпжасар Мұстафаұлымен сұхбаттасқан болатынбыз.

К.Жетібаев:

«САУРАН ҚАЛАШЫҒЫНДА АШЫҚ АСПАН
АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ АШУ НИЕТІМІЗ БАР»



– Ал енді аға, сізге тағы бір сауалым: университет студенттері институттың зерттеу жұмыстарына қатысуы жайында еді. Оларға қандай мүмкіндіктер ұсынылады?

– Бізде студенттер, болашақ тарихшылар, географтар 2003 жылдан бері практикалық-сабақтарға, археологиялық қазба жұмыстарға жылда қатысатын. Бірақ, соңғы жылдарда улы кене жөңдігінің шығуына байланысты «Дала практикасын» тоқтаттық. Соңғы 2-3 жылдың көлемінде қарастырсақ, тарихшы-студенттердің саны азаюына байланысты бірнеше ғана студент өз еркімен атсалысып, келіп жүр. Бұрынғыдай жастардың қарқыны жоқ. Сонда да Сарыағаш өңіріндегі археологиялық қазба жұмыстарына екі студентіміз қатысты, Сығанақтағы жұмысымызға бір магистрант, бір студентіміз қатысты. Осы сияқты бірен-саран ғана студенттер ынта білдіреді. Қазіргі практикалық сабақтарды университетіміздегі Мәдениет орталығының мұражайына тапсырылған жәдігерлерімізді таныстырумен өткізіп жүрміз. Бірақ та, болашақ тарихшылар үшін «Дала практикасының» маңызы зор еді.

– Институт қазіргі тәжірибелік жұмыстар барысында қандай заманауи технологияларды қолдануда?


— Біз осыдан үш жыл бұрын Ғылым Қорының бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (ПЦФ- програмно-целевой финансирование) бағдарламасы аясында грант ұтып алдық. Нәтижесінде 34 000 000 теңгеге арнайы құрал-жабдықтарға қол жеткіздік. Оның ішінде тахометр, геосканер, дрондар тағы да басқа заманауи технологиялар бар. Дәл қазіргі таңда осы және осы сияқты дүниелерді өз қазба жұмыстарымызды жүргізуге пайдаланып келеміз.

– Алдағы уақытта қандай археологиялық жобалар мен зерттеулер жоспарлануда? Жаңа ғылыми бағыттар мен бастамалар туралы не айтасыз?

– Алдағы уақыттағы негізгі мақсатымыз – Сығанақ, Келес, Қаратау оның ішіндегі Өгізтау деген жерде өте қолайлы ерте дәуір және орта ғасырлық кезеңдерге жататын көне қала бар. Сол нысанды қазып бастасақ деген ниетіміз бар. Сонымен қатар, арнайы гранттық қаржыландыру жобасына Сауран қалашығын ұсынсақ деп отырмыз. Сауран – орта ғасырларда Ақ Орданың орталығы болған, Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабында да әкімшілік және сауда орталығының қайнаған кезі болған деген деректер бар. Осы болжамдар негізінде әлі де зерттелмей жатқан жерлеріне қазба жұмыстарын жүргізіп, ашық аспан астында мұражай жасау ниетіміз бар. Зерттеуге қызығуымыздың тағы бір басты себебі Түркістаннан небәрі 40 шақырым жерде орналасқан. Осы жәдігер шаһар Сауран қалашығын біздің университеттің зерттеу базасына айналдырсақ деген жоспарымыз бар. Сондықтан да Сауран қалашығына толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізу біз үшін үлкен жетістік, мәртебе болар еді.

– Көпжасар аға, сұхбатыңыз үшін көп-көп рақмет. Алдағы зерттеу, қазба жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, тарихымыздың ашылар сыры көп болсын!

**Сұхбаттасқан: Бекболат Есентайұлы,
Журналистика мамандығының
4 курс студенті.**



– Көпжасар Мұстафаұлы, сіздер зерттеп жүрген археологиялық зерттеулерде қандай салаларға ерекше назар аударылады?

— Қазіргі таңда бізде ерекше назар аударылатын салалар: ежелгі түркі мәдениеті, ерте және орта ғасырлардағы қалалар және обалар. Себебі, ол жердегі көне жәдігерлерді табу және оларды ғылыми ізденіске салу біздің құзыретімізде. Сонымен қатар, археолог ретінде ашық аспан астында мұражай жасау және тағы да сол сияқты жұмыстарды өз қызметімізбен ұштастырамыз.

— Соңғы жылдары қай археологиялық объектілерде қазба жұмыстарын жүргіздіңіздер? Қандай жаңалықтар ашылды?

— Соңғы жылдары Сығанақ жерінде қазба жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Себебі, Сығанақ қалашығын 2003 жылдан бері біздің университеттің практикалық-базасы ретінде қолдана бастағанбыз. Одан беріде, 2014 жылдан бастап мемлекет тарапынан гранттық қаржылар ұтып алып, қазба жұмыстарын жүргіздік. Тағы да басқа Қаратау бөктерінде, Сауысқандық деген жерлерде петроглиф, яғни тау-тасқа салынған кескіндер мен суреттерде табу, ол жердегі обаларды қазу, зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Сонымен қатар, Келес өзенінің бойындағы жерлерде көне қалаларды қазу және Сарыағаш өңіріндегі 600-ден астан обаның шамамен он данасын зерттеп, табылған жәдігерлерді, адам сүйектерінің ДНК сараптамаларын ғылыми зерттеу айналымына енгізіп жатырмыз.

– Шетелдік ғылыми зерттеу институттарымен қандай ынтымақтастық бар? Олармен серіктестікте халықаралық жобаларға қатысып жатырсыздар ма?

– Біздің Археология F31 Түркия Республикасымен тығыз байланыста жұмыс істейді. TUBITAK, Yunus Emre сияқты үлкен зертханаларды пайда-

лану мақсатында келісімшартқа отырғанбыз. Сол келісімшарт негізінде ғылыми ізденісте жүрген заттай айғақтарды талдаудан өткізіп, нәтижелері бойынша ғылыми журналдарға мақалалар жариялап отырамыз. Халықаралық жобалар бойынша университет тарапынан 4 млн теңге қаржат бөлінген болатын. Осы жоба бойынша түркиялық Юнус Шенөрт есімді археолог, профессор бізбен бірге қазба жұмыстарын жүргізді. Халықаралық деңгейдегі тағы бір жұмысымыз, ЮНЕСКО-ға тіркелген Өзбекстан Республикасындағы МИЦАЙ халықаралық зерттеу ұйымымен бірлесе Сығанақ қалашығында қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде табылған жәдігерлерді Қызылорда қаласындағы мемлекеттік мұражайға тапсырғанымызды айта кету пәрыз.

– Институттың ғылыми зерттеу материалдарының жарық көруіне тоқталып өтсеңіз.

— Бізде мақалалар да, монографиялар да өте көп жарияланды. Ғылыми мақалаларымыз Америкада, Югославияда, Ресейде халықаралық Scopus базасында да мақалаларымыз шықты. Монографиялық еңбектер саны соңғы есебімізде 20-ға жуықтады. Соңғы 2 жылда 5 монографиямыз жарық көрді. Атап айтар болсақ, профессорымыз Мұхтар Қожаның «Абылайхан», Музафар Гүрсой мен Бақдаулет Сыздықовтың «Көне Қаңлы дәуіріндегі жерлеу дәстүрі» және «Сығанақ жәдігерлері» атты төрт автордың, оның ішінде өзім де бармын, тағы да басқа осы сияқты бірнеше монографияны жарыққа шығардық. Мақалаларымызда ғылыми тұрғыдан бәрін айқындап, зертханалық талдаудаларды көрсетіп және иллюстрациялық суреттерді қоса жариялап отырмыз. Сондықтан бұл еңбектердің маңызы зор және оны археология ғылымы үшін сүбелі еңбектер деп атауға әбден болады.

ТӨРБИЕ ТАҒЫЛЫМЫ

• Тәрбие тал бесік

ЖАМАННАН ЖИРЕН, ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН

Тәрбие – көпжылғы және көпқырлы процесс. Студент жастарды өмірден өз орнын тауып, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу, тұлға ретінде қалыптастыру міндеті басты мақсат. Білімгерлер тәрбиесі – бүкіл педагогикалық ұжымның ісі екені анық.

Білімгерлер бойындағы адамгершілік, адалдық, мейірімділік, отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарға құрмет сияқты рухани қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлға ретінде қалыптасуын, қоғамда еркін ойлы азаматтарды тәрбиелеу мақсатында оқу орнымызда жүйелі түрде жұмыстар атқарылуда.

Университетіміздің тәрбие жоспарындағы «Құқықтық сауаттылық бағыты» бойынша мүдделі тұлғаларды тарта отырып, өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл бағытта іс-шаралардың мақсаты айқын: студент жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және саяси мәдениетті дамыту. Аталған бағытта «Сайлау және демократия» пікірсайыс турнирлері, «Менің құқығым және міндетім» құқықтық тренингтері, «Құқықтық мәдениет апталығы» ұйымдастырылып, заңгерлер мен құқық қорғау өкілдерімен студент жастар кездесулері жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Жуырда оқу ордамызда Құқық қорғау органдарының қызметкерлері «Құқықтық салауаттылық – болашаққа сенімді қадам» тақырыбында студенттермен кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты – заң мен тәртіп концепциясы аясында білім алушылардың құқық мәдениетін арттыру және күшейту. Кездесудің модераторы, университетіміздің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі вице-ректоры Еділ Төлегенов жастар арасында жиі кездесетін мәселелерге шолу жасады. Кездесуге Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілдері, Түркістан облысы Полиция департаментінің Есірті қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, прокуратура қызметкерлері, Жастар ресурстық орталығының директоры, сондай-ақ университет оқытушылары мен студенттері қатысты. Шара барысында құқықтық нормалар, заңға сәйкес мінез-құлықтың маңызы және құқық қорғау механизмдері талқыланды. Мамандар студенттерге заңнамалық өзгерістер, есірті қылмысына қарсы күрес, экономикалық қауіпсіздік және құқық қорғау саласындағы өзекті мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Құмар ойындар адамдарды кедейлікке әкеледі, бірақ олар өздерін байытып жатқандар сияқты сезінеді» деген университетіміздің түлегі, Есірті қылмысына қарсы іс-қимыл полиция майоры Марат Бимаханов өз сөзінде психолог Стюарт Лоансингтің пікірін мысалға келтірді. Кездесу барысында қатысушыларға арнайы дайындалған екі видео көрсетілді. Әсіресе, отандық «Sheker» фильмінен берілген үзінді білім алушыларға ерекше әсер етті. Бұл фильм қазіргі заман жастардың болмы-



сын шынайылықпен көрсетіп, көрерменге нашақорлықтың түбі зор өкінішке ұрындыратынын әдемі жеткізген фильм. Кездесу барысында университет студенттері заң саласындағы мамандарға күнделікті өмірде өздері бетпе-бет кездесіп қалатын жайттарға орай құқықтық мәселедегі сұрақтарын қойып, практикалық кеңестер алды. Әлбетте, мұндай кездесулер жастар арасында құқықтық мәдениетті нығайтуға және заңға деген жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Құқықтық тәрбие бағытында өткен игілікті іс шаралардың бірі ретінде оқу орнында желтоқсан айында өткізілген Түркістан облыстық прокуратурасы «Заң мен тәртіп» концепциясы аясында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізуін атап кетуге болады. Бұл кездесуге Түркістан облысы прокурорының орынбасары Саян Келдібеков пен Түркістан қаласының прокуроры Каукен Нәрікбаев, Түркістан облыстық Ақсақалдар алқасының төрағасы Жарылқасын Әзіретбергенов пен қалалық құзырлы органдардың басшылары мен университет студенттері қатысты. Жиынға Түркістан облысы прокурорының орынбасары Саян Келдібеков қатысып жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы тың ақпараттар берді. Сонымен қатар, жастарға қылмыстың өтеуі жаза екенін жете түсіндірілді. Қоғамдағы тыныштыққа сақтап, заң бұзушылыққа жол бермеу әр азаматтың парызы екенін баса айтты. Ақ Түркістан облыстық Ақсақалдар алқасының төрағасы Жарылқасын Әзіретбергенов жас буынға ақылын айтып, бағыт-бағдар берді. – Елдің болашағы – жастар! Кез-келген мемлекет жастарын тәрбиелеуге, әсіресе патриоттық тәрбие беруге ұмтылады.

Онсыз мемлекеттің өркендеуі қиын. Ол біздің өлімізге де қатысты. Еліміздің болашағы – сіздер. Жас буын біз секілді аға буынмен жиі-жиі кездесіп, аталы сөз, баталы сөз тыңдап, бірлесіп ой алмасып, кемшін тұсты байқап, ортақ ойды талқылап тұрғаны дұрыс. Тәртіп пен заңға бағынбай елде демократия болмайды. Барлық азамат заңға бағынып, сыйлауы тиіс. Заңның әр бөлімін білуі қажет. Ақ Түркістанның жастары бүкіл ел жастарына үлгі болуы керек, деді. Сонымен қатар, іс-шарада есірті қылмысының алдын алу шаралары туралы айтылды. Жастардың алаяқтар мен есіртікке байланысты қылмыстық топтарға алданбауы, заңсыз істермен айналыспауы жайлы ақпарат берілді. Оңай әрі жеңіл жолмен ақша табу, заңсыз, күдікті жеткізу қызметтері сияқты т.б. жалған жұмыс берушілердің жарнамасына алданбау керектігі түсіндірілді. Кездесу соңында студенттер өздерін толғандырған сауалдарын қойып, нақты жауаптар ала алған пайдалы басқосу болған еді.

Ахмет Ясауи университетінде құқықтық тәрбие бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келе жатқанының жарқын мысалы ретінде өткен жартыжылдықта ұйымдастырылған «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары» тақырыбындағы семинарды атауға да болады. Аталған іс-шараға Түркістан облысы полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимылдар басқармасының қызметкерлері, Түркістан облысының Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандары, Қазақстан мұсылмандар Діни басқармасының Түркістан облысы бойынша діни қызметкерлері қатысты.

Түркістан облысы полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимылдар басқармасының басшы орынбасары Қуанышбай Жұмадиллаев:

«Өздеріңіз білетіндей, экстремизм мен террористік көріністерге қарсы күрестің негізгі бағытының бірі – алдын алу шаралары. Жас буын бұл тақырыпта ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алмайтын сәттер болады. Сондықтан бүгінгідей семинарлар арқылы дұрыс мәліметтер беру – біздің басты мақсатымыз», – деді. Сондай-ақ, жиынға қатысқан Түркістан облысының Бас имамы Ержан Төлепов, Түркістан облысы Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Медет Халықовтар баяндама жасап, қазіргі таңда теріс діни ағымға шақырушылардың іс-әрекеттері мен оларға алданбаудың жолдарын түсіндірді. Жастарға діни сауат арттырудың маңыздылығы жан-жақты жеткізілді.

Түйіндей келе, университетімізде білімгерлерге құқықтық тәрбие беру бағытында өтіп жатқан іс-шаралардың мақсаты – жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және саяси мәдениетті қалыптастыру, дамыту болмақ.

«Жаманнан жирен» деп халқымыз айтқандай, бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты жастарды қоғамдағы лудомания, нашақорлық т.б. түрлі тәуелділікке ұрынбай, жаман өдеттерден аулақ болуға шақырады. Алдағы уақытта Жергілікті полиция департаменті қызметкерлері мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында студенттермен университет жатақханаларында кездесу ұйымдастырылатын болады. Бұл бағыттағы тәрбиелік шаралар жүйелі түрде жалғасады.

Айдана Әскербекова,
Жастар орталығының басшысы.

Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ Газет 1995 жылдан шыға бастады Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА	Медиа және PR орталығы Тілшілер: Журналистика кафедрасының студенттері Фото маманы: Нақып Шынтеміров	Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды	Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген. 2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.
Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru			